

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық зерттеу университеті

БЕКІТЕМІН

«Жер ресурстарын басқару,
сәулет және дизайн»
Факультетінің деканы
Ж.З.Толеубекова
« 02 » « 02 » 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D07303-«Кадастр»

(бағдарламаның атауы)

Білім беру саласының коды және жіктелуі:

8D07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары

Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі:

8D073 – Сәулет және құрылыс

Білім беру бағдарламасының тобы:

D128 – Жерге орналастыру

Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесіндегі код: **0730**

Біліктілігі: «Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша **PhD философия докторы**

Оқу мерзімі: 3 жыл (ғылыми-педагогикалық)

Астана, 2023

Авторлық ұжым:

1. Аты-жөні- ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, жұмыс орны

- Құрманова Гүлнара Кенесқызы - э.ғ.д., «Кадастр» кафедрасының қауымдастырылған профессоры-төраға;
- Дүйсенбеков Зайролла Дүйсенбекұлы - а/ш.ғ.д., «Кадастр» кафедрасының профессоры;
- Абельдина Рауза Калтаевна-э.ғ.к., «Кадастр» кафедрасының доценті;
- Гаркушина Валентина Васильевна - э.ғ.к., «Кадастр» кафедрасының доценті;

Өндірістен жұмыс берушілер:

- Саданов М.А. – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалының директоры;
- Дауталинов Р.Б. – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалы - Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің директоры;
- Мукашева М.М. - ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің мемлекеттік жер кадастры басқармасының басшысы;

Авторлық ұжым «С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ» КеАҚ бұйрығы бойынша бекітілген:
№ _____

«Кадастр» білім беру бағдарламасы «Кадастр» кафедрасының отырысында каралды:
хаттама №11 «05» 04 2023 ж.

«Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн» факультетінің кеңесінде мақұлдады:
хаттама № 8-2 «27» 04. 2023 ж.

Факультет деканы

 Толеубекова Ж.З.

Кафедра меңгерушісі

 Ахметов Б.Ж.

Мазмұны

№	Компоненттің атауы	бет
1	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	4
3	Түлектің құзыреттілік моделі (портреті)	4
4	Кәсіби практикадан өту базасы	6
5	Білім беру бағдарламасының құрылымы	7
6	Қосымша 1. Оқу процесінің кестесі	8
7	Қосымша 2. Жұмыс оқу жоспары	9

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде және ғылыми салада оларды іске асыру үшін кәсіби және ғылыми құзыреттері мен дағдылары бар «Кадастр» мамандығы бойынша бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

1.2 Оқыту нәтижелері

ОН1. Ғылыми дерекқорлардағы ақпаратты іздеу әдістерін біріктіру, академиялық жазудың әртүрлі жанрларын меңгеру;

ОН2. Кадастрлық қызметтегі проблемалық міндеттердің шешімдерін іздеу мақсатында жаңа әдістермен диспозициялау және ғылыми зерттеулер жүргізу;

ОН3. Аумақтық жоспарлау және болжау әдістерін қолдану; әртүрлі аумақтық деңгейде жобалардың сызбаларын жасау;

ОН4. Пайдаланылмайтын жерлерді а/ш айналымына тарту бойынша жаңа әдістемелік тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында заманауи технологияларды меңгеру;

ОН5. Нарықтық қатынастар жағдайында кадастр мәселелерін шешу, электрондық үкімет жүйесінде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

2. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

«Кадастр» докторантурасының білім беру бағдарламасы:

- ҚР-да жер кадастрын дамыту және жылжымайтын мүлік кадастрын қалыптастыру саласындағы мәселелерді зерделеу және зерттеу;

- бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру негізінде әкімшілік-аумақтық құрылымдар, өңірдің қазіргі заманғы басқару процестерінің әлеуметтік-экономикалық зерттеулері деңгейінде жер кадастры мен жылжымайтын мүлік кадастрының тиімділігін айқындау;

- Қазақстанда жылжымайтын мүлік кадастрының бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру және дамыту,

- әртүрлі әкімшілік-аумақтық деңгейлерде жылжымайтын мүлік кадастрының деректер банкін қалыптастыру;

- жер-мүліктік кешенді басқару жүйесінің әдіснамасын, нақты уақыт жүйесіндегі аумақтарды, БМҚК объектілерін басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуді оңтайландыру модельдері мен әдістерін әзірлеу,

- жылжымайтын мүлік кадастрын ақпараттандыруды және жер мониторингін техникалық-технологиялық қамтамасыз ету әдістемесін әзірлеу.

3 Түлектің құзыреттілік моделі (портреті)

«Кадастр» ББ аяқтағаннан кейінгі білім алушы:

- кадастр және жер қатынастарын реттеу саласында өз бетінше ғылыми зерттеулер жүргізе алатын, ғылыми талдау мен ойлаудың әдіснамасын, шешімдер қабылдау мен оларды практикада іске асырудың ғылыми-әдістемелік тәсілдері мен әдістерін меңгерген білікті зерттеуші;

- кадастр және жер ресурстарын басқару саласындағы практикалық және кәсіби мәселелерді анықтау және білікті шеше білу;

- кеңістіктік деректерді қалыптастырудың негізгі тәсілдерін; жер қатынастарын жетілдіру мақсатында ҚР-да ақпараттандыру және цифрландыру ерекшеліктерін ескере отырып, кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру мен дамытудың негізгі функцияларын, құрылымын, технологияларын білу және түсіну;

-елді мекендердің аумақтарын дамыту мен салуды жоспарлау схемаларын әзірлеу, геоақпараттық технологиялар негізінде жер-кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру жолымен қолданыстағы білім аясын кеңейтетін ғылыми зерттеулер негізінде үлес қосуға қабілетті;

- нарықтық экономиканың ерекшеліктері мен оның мүмкіндіктерін ескере отырып, жер қатынастарын экономикалық-құқықтық реттеу, жер ресурстары мен жылжымайтын мүлік объектілерін басқару саласында білімі, іскерлігі мен дағдыларына ие болу;

- ҚР жер саясатының қазіргі тенденцияларын білу және түсіну, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі заманғы проблемалары мен перспективаларына баға бере білу және ғылыми зерттеулер негізінде шешімдер іздеу бойынша ұсыныстар әзірлей білу.

3.1 Кәсіби қызмет салалары

Кәсіби қызмет салалары:

- бейіні бойынша жоғары оқу орындарындағы ғылыми және білім беру қызметі;

-ғылыми-өндірістік орталықтардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы, мемлекеттік басқару органдарының және мемлекеттік емес сектордың бөлімшелеріндегі ғылыми және басқару қызметі;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің құрылымдық бөлімшелерінде, «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ және оның филиалдарында, аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі әкімдіктер жанындағы сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармаларында, Бас жоспардың құрылымдық бөлімшелерінде және жер қатынастарын реттеуге байланысты басқа да ұйымдарда басқару қызметі.

3.2 Кәсіби қызмет түрлері

«Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша докторанттар кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;
- теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізу;
- кадастр мәселелері бойынша зерттеулердегі теориялық және қолданбалы міндеттер және олардың шешімдерін іздеу;
- университеттегі студенттерді педагогикалық даярлау мәселелері;
- кадастр саласындағы мәселелерді кәсіби және жан-жақты талдау.

3.3 Негізгі құзыреттер

- кадастр саласында қолданылатын зерттеу дағдылары мен әдістері бөлігінде зерттеу саласын жүйелі түсінуді, шеберлікті көрсету;
- ғылыми зерттеулердің кешенді процесін жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және түзету;
- ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық болуы мүмкін ғылыми саланың шекараларын кеңейтуге өзіндік зерттеулермен үлес қосу;
- жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу;
- өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;
- білімге негізделген қоғамның дамуына ықпал ету.

3.4 Кәсіби құзыреттер

- 1) ұйымдастыруға жүйелі көзқарас әдіснамасын, басқарудың заманауи тәсілдерін және менеджменттің аналитикалық әдістерін, мәселерді диагностикалау, талдау және шешу әдістерін, сондай-ақ шешімдер қабылдау және оларды практикада іске асыру әдістерін меңгеру;
- 2) менеджменттің практикалық мәселелерін білікті түрде шешуге және осы шешімдерді іске асыруға, басқару функцияларын жүзеге асыруға дайын болуға және тұтастай ұйымның мүддесі үшін кәсіби мәселелерді шеше білу;
- 3) тиісті басқарушылық лауазымға орналасу үшін қажетті және нарықтық экономиканың ерекшеліктерін және оның мүмкіндіктерін, мемлекеттің функциялары мен экономикалық ролін терең түсінуге, экологиялық мәселелерді түсінуге, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін және оны жүргізудің өркениетті этикалық нормаларын ұстануға негізделген білімге, іскерлікке және дағдыларға ие болу;
- 4) Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі заманғы проблемалары мен перспективаларына баға бере білу, әлемдік экономика мен жаһандандудың қазіргі даму тенденцияларын түсіне білу, халықаралық бәсекелестік мәселелеріне бағдарлай білу.

4 Зерттеу және педагогикалық практикадан (тағылымдамадан) өту базасы (практиканың барлық түрлері)

Зерттеу практикасынан өту базасы «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ және оның филиалдары, «Мемградкадастр» РМК болып табылады.

Педагогикалық практикадан өту базасы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Кадастр» кафедрасы.

Бірлескен ББ әзірлеу, докторлық диссертациялар жазу, докторанттардың ғылыми тағылымдамадан өтуі, бірлескен ҒЗЖ орындау, ғылыми мақалалар жазу және т.б. бойынша шетелдік ғалымдарды ғылыми жетекшілікке тарту бойынша ынтымақтастық мақсатында шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен келісім-шарттар мен меморандумдар жасауға көп көңіл бөлінеді.

Бүгінгі таңда Жерге орналастыру мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.), Александрас Стуглинкис (Литва, Каунас қ.), Латвия

ауылшаруашылық университеті (Латвия, Рига қ.), Путра университеті (Малайзия, Куала Лумпур қ.), Варшава политехникалық университеті (Польша, Варшава қ.), Омбы мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Омбы қ.); Сібір мемлекеттік геожүйелер және технологиялар университеті (Ресей, қ.Новосибирск) және т.б. университеттермен келісім шарттар жасалынған.

5 Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы

№ п/п	Пәндер циклдарының және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағаттарда	академиялық сағаттарда
1	2	3	4
1.	Білім беру компоненті (ДБ+ПД)	1350	45
1.1	Базалық пәндер циклі (ДБ)	600	20
1)	ЖОО компоненті		
	Академиялық хат	150	5
	Педагогикалық практика	300	10
	Ғылыми зерттеу әдістері	150	5
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі (ПД)	750	25
1)	ЖОО компоненті :		
	Пайдаланылмайтын жерлерді кадастрлық қамтамасыз ету	150	5
	Аумақтық жоспарлау және болжау	150	5
	Кадастрдың ғылыми-әдістемелік мәселелері	150	5
	Зерттеу тәжірибесі	300	10
2	Ғылыми-зерттеу жұмысы		
1)	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындау	3690	123
3	Оқытудың қосымша түрлері	-	-
4	Докторлық диссертация жазуды және қорғауды қоса алғанда, қорытынды аттестаттау	360	12
	Итого	5400	180

Жұмыс оқу жоспары

Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан
 НАО "Казахский агроэкономический исследовательский университет им.С.Сейфуллина"
 Рассмотрено на заседании Академического совета университета
 Протокол № _____
 "___" _____ 20__ г.

УТВЕРЖДАЮ
 Член Правления - проректор по академическим вопросам
 НАО "КАТИУ" им. С. Сейфуллина"
 _____ Абишева Р. Д.
 "___" _____ 20__ г.

РАБОЧИЙ УЧЕБНЫЙ ПЛАН
 на 2023-2026 учебные годы
 для Модульной образовательной программы "Кадастр"
 область образования 8D07 – Ижемерные, обрабатывающие и строительные отрасли
 направление подготовки 8D073 –
 специальность/ группа образовательных программ D128 – Землеустройство
 Степень: Докторантура по направлениям (научно-педагогическое)
 Форма обучения: Очное (долгосрочная и-п 3 года) семестры
 Год поступления: 25-05-2023

Шифр модуля	Наименование модуля	Целевая дисциплина	Компонент дисциплины	Код дисциплины	Наименование дисциплины	Академические кредиты	Контроль по академическим периодам							Объем в часах					Распределение кредитов по академическим											
							Экзамен	Дифференцировочный зачет(курсовая)	Дифференцировочный зачет(курсовая)	Дифференцировочный зачет(курсовая)	Дифференцировочный зачет(курсовая)	Дифференцировочный зачет(курсовая)	Практика/НИР	курсовая работа/проект	Всего	Аудиторные	в т.ч.			СРДП	СРД	Неделя в академическом периоде								
																	Лекции	Практические	ЛПЗ			1 курс		2 курс		3 курс				
																						1	2	3	4	5	6			
Модули специальности/образовательной программы																														
1	Базовые дисциплины	БД	ВК	PP 8204	Педагогическая практика	10						300.0			0	0	0	0	0											
2	Использование	ПД	ВК	KONZ 7306	Кадастровое обеспечение неистопляемых земель	5	2					150.0	45.0	15	30	0	20	85		5.0										
3	Научно-исследовательский	БД	ВК	MINI 7203	Методы научных исследований	5	1					150.0	45.0	15	30	0	20	85												
4		ПД	ВК	IP 7308	Исследовательская практика	5						150.0		0	0	0	0	0			5.0									
5		ПД	ВК	IP 8309	Исследовательская практика	5						150.0		0	0	0	0	0												
6	Академическое письмо	БД	ВК	AP 7202	Академическое письмо	5	1					150.0	45.0	15	30	0	20	85		5.0										
7	Территориальное планирование	ПД	ВК	TPP 7307	Территориальное планирование и прогнозирование	5	1					150.0	45.0	15	30	0	20	85		5.0										
8	Научное обеспечение кадастров	ПД	ВК	NMPK 7303	Научно-методические проблемы кадастра	5	2					150.0	45.0	15	30	0	20	85		5.0										
Научно-исследовательская работа (НИР)																														
9	научно-исследовательский	НИР	ОК	NI RDVDD 7501	Научно-исследовательская работа докторанта, включая выполнение докторской диссертации	15						450		450.0	0	0	0	0	0	15.0										
10		НИР	ОК	NI RDVDD 7502	Научно-исследовательская работа докторанта, включая выполнение докторской диссертации	15						450		450.0	0	0	0	0	0	15.0										
11		НИР	ОК	NI RDVDD 8504	Научно-исследовательская работа докторанта, включая выполнение докторской диссертации	20						600		600.0	0	0	0	0	0	20.0										
12		НИР	ОК	NI RDVDD 8505	Научно-исследовательская работа докторанта, включая выполнение докторской диссертации	25						750		750.0	0	0	0	0	0	25.0										
13		НИР	ОК	NI RDVDD 9507	Научно-исследовательская работа докторанта, включая выполнение докторской диссертации	30						900		900.0	0	0	0	0	0	30.0										
14		НИР	ОК	NI RDVDD 9508	Научно-исследовательская работа докторанта, включая выполнение докторской диссертации	18						540		540.0	0	0	0	0	0	18.0										
Итого теоретического обучения						168	5	0	0	4290	0	5040	225	75	150	0	100	425	30.0	30.0	30.0	30.0	30.0	30.0	18.0					
ДВО Дополнительные виды обучения																	380.0													
ИА Итоговая аттестация						12											380													
Итого						180				4295		5400	225	75	150	0	100	425												

Директор Департамента по академическим вопросам
 Заместитель директора Департамента по академическим вопросам
 Декан факультета
 Заведующий кафедрой

Жургуенов Жаханбай Сарсенбаевич

Толеубекова Жанат Зеленовна
 Ахметов Болат Жумагалеевич

Оқу пәндерінің көмегімен білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

№	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқытудың қалыптасқан нәтижелері				
				ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті								
1	Академиялық хат	Курс докторанттардың академиялық жазудың тұжырымдамалары мен үлгілерін меңгеруге бағытталған. Докторанттар академиялық, ғылыми мәтінді, әртүрлі жазбаша ғылыми дискурстарды жазу дағдылары мен дағдыларын дамытады. Докторанттар әртүрлі деңгейдегі жазба жұмыстарын талдап, бағалай алады, шынайы дереккөздермен жұмыс істей алады, сондай-ақ өз көзқарасын өз бағасына сәйкес негіздей алады	5	+				
2	Ғылыми зерттеу әдістері	Қазіргі сәтте зерттеу нысаны туралы мәлім ғылыми деректер мен қоғам тарапынан практикалық тұрғыдан шешілуі тиісті деп айқындалған міндеттер арасындағы қайшылықтарды ашып көрсете білу негізінде ғылыми мәселелерді қою әдістерін зерттейді. Тақырыпты таңдау мен практикада қолдану үшін оның өзектілігін ғылыми негіздеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізу, ғылыми нәтижелерді рәсімдеу машықтарын қалыптастырады	5		+			
3	Пайдаланылмайтын жерлерді кадастрлық қамтамасыз ету	Пайдаланылмайтын жерлердің жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру және кадастрлық қамтамасыз ету. Пайдаланылмайтын жерлерді айналымға тарту жөніндегі іс-шаралардың теориялық және әдістемелік негіздері мен негіздемесі. Қор деректері, жерді қашықтықтан зондау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер. Пайдаланылмаған жерлерді бағалау. Пайдаланылмайтын жерлерді ауылшаруашылығы айналымына жерге орналастыруды қамтамасыз етудің экономикалық тиімділігі	5				+	
4	Кадастрдың ғылыми-әдістемелік мәселелері	Кадастр, аграрлық қатынастардың жүйесімен ерекшеленеді. Кафедраны дамытудың ғылыми-әдістемелік кешені. Тұрғылықты жағдай, проблемалық кадастр және нарықтық қатынастарда олардың шешімдері. Электрондық үкімет жүйесінде және жер ресурстарын басқару жүйесіндегі рөлі.						+
5	Аумақтық жоспарлау және болжау	Аумақтық жоспарлау негіздері. Жобалау объектілері. Аумақтық жоспарлау схемалары мен жобаларының мазмұны. Қала құрылысын аудандастыру.	5			+		

